Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының

**Хаттама №5**

Күні: 23.05.2024

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Күн тәртібінде :

1.Құқық апталығын өткізу туралы

2.Бақылауда тұрған оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары

3.Зиянды заттары қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 кластар арасында қосымша бағдарламаның орындалуы

4.Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары орындалуы

**Тыңдалды.**

Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сергазы Ж сөз алды;

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Құқық апталығының өткізіліуі туралы айтып өтті.9-14 желтоқсан аралығында мектебімізде құқық апталығы өткізілді.Жоспар құрылып,бекітілді.Мектеп медбикесі Альмагамбетова Г «Ерте жастағы неке проблемасы» тақырыбында қыздармен пікірталас өткізді.Аналар клубының жетекшісі Альмаганбетова С.Ж «Әдептілік-әдемілік»тақырыбында қыздар арасында тренинг өткізді.

6 сынып оқушыларымен» Құқықтық сауаттылық заман талабы»тақырыбында топтық жұмыс,мектеп психологі Рақыш Қ «Отбасындағы қолайсыздық құқықбұзушылықтың негізгі себебі» тақырыбында қыздармен жұмыс өткізілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Рақыш Қ мектепте бақылауда тұрған оқушылардың жоқтығын айтты.Оқушылар сабаққа кешікпей,уақытылы келеді. Жазғы демалысты қалай ұйымдастыруға болатыны туралы ата-аналарға нұсқаулықтар берілді. Қауіпсіздік шаралардың алдын-алу үшін түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшілер сөз алды.Дүйсенбі күндері тәрбие сағаттарында қосымша бағдарлама бойынша оқушылармен жұмыстар жүргізіп отырамыз.Оқушыларға зиянды заттарды пайдалануға болмайтын жөнінде видеороликтер,слайдтар көрсету арқылы түсінік жұмыстары жүргізіп мағұлмат береміз. Төртінші сұрақ бойыншатҚұқық кеңесінің мүшелерінің жұмысын жоспарға сай жұмыс жүргізілді деп есептеймін.

Кеңес мүшелері отырысқа толық келіп отырды. Мектепішілік тәртіп бұзушылық үнемі қадағаланып отырылды. Қиын балалар тәртібі,сабаққа қатысуы өзін-өзі басқару мүшелері тарапынан да, мектеп әкімшілігі жағынан да, кезекші мұғалім мен сынып жетекшілер тарапынан да тексеріліп ,құқық кеңесінде қаралды.

**Қаулы етілді:**

1. Құқық апталығы өткізілгені есепке алынсын.

2.Зиянды заттары қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 кластар арасында қосымша бағдарламаны жүзеге асыру,оқушыларға толық мағұлмат беру сынып жетекшілерге тапсырылсын.

3. жазғы демалыстарды ұйымдастыру бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4, Құқық кеңесінің  оқу жылындағы жұмысы жақсы деп танылсын.
Жаңа оқу жылындағы құқық кеңесінің жоспары толықтырылып ,бекітілсін.

Мектеп директоры: Назарбекова С.А
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сергазы Ж
Хатшы: Қабдышева А.К